

Аққайың ауданы бойынша 2010 жылы көктемгі-далалық жұмыстарды жүргізу барысында басымдықты ауыл шаруашылық дақылдарды себудің тиімді мерзімін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі N 87 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 4 мамырда N 13-2-117 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 27 сәуірдегі N 110 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2011.04.27 N 110 Қаулысымен

«Өсімдік шаруашылығын міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы № 533 Заңы 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, «Облыстық бюджеттердің және Астана қаласы бюджетінің көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға 2010 жылдың республикалық бюджетінен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 25 ақпандағы № 123 қаулысымен бекітілген Ереженің 7-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Аққайың ауданы бойынша 2010 жылы көктемгі-далалық жұмыстарды жүргізу барысында басымдықты ауыл шаруашылық дақылдарды себудің тиімді мерзімі анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі орынбасары Н.З. Телтаевқа жүктелсін.

3. «Аққайың ауданы бойынша 2009 жылғы көктемгі-далалық жұмыстарды жүргізу барысында басымдықты ауыл шаруашылық дақылдарды себудің тиімді мерзімін белгілеу туралы» Аққайың ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы № 106 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-2-99 тіркелді және 2009 жылғы 21 мамырдағы «Аққайың» № 14 және «Колос» № 20 газеттерінде жарияланды) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында ресмі жарияланған күннен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Елубаев

А қ қ а й ы ң
2 0 1 0
№
қосымша

а у д а н ы
ж ы л ғ ы
8 7
3 0

ә к і м д і г і н і ң
с ә у і р д е г і
қ а у ы с ы н а

Аққайың ауданы бойынша 2010 жылы көктемгі-далалық жұмыстарды жүргізу барысында басымдықты ауыл шаруашылық дақылдарды себудің тиімді мерзімі

Топырақты аймағы	Дақыл	Ауыл шаруашылық дақылдардың себуін жүргізу тиімді мерзімі	2010 жылға дәнді бастаушы бойынша орташа ертесорттар
II - далалық, жазықтық, орманды далалық	Жасыл конвейер (бір жылдық шөптер) - 1 мерзім	мамырдың 8-нен мамырдың 10-на дейін	
	Сәбіз	мамырдың 10-нан мамырдың 20-на дейін	
	Пияз	мамырдың 10-нан мамырдың 20-на дейін	
	Рапс	мамырдың 15-нен мамырдың 20-на дейін	
	Жаздық бидай	мамырдың 15-нен мамырдың 30-на дейін	5 маусымына дейін
	Күнбағыс майтұқымына	мамырдың 15-нен мамырдың 18-не дейін	
	Жүгері сүрленген шөпке	мамырдың 16-нан мамырдың 20-на дейін	
	Зығыр, қыша	мамырдың 17-нен мамырдың 20-на дейін	
	Картоп	мамырдың 18-нен мамырдың 23-не дейін	
	Қияр	мамырдың 20-нан маусымның 5-не дейін	
	Жасыл конвейер (бір жылдық шөптер) - 2 мерзім	мамырдың 23-нен мамырдың 25-не дейін	
	Бұршақ	мамырдың 25-нен мамырдың 30-на дейін	
	Қара құмық	мамырдың 25-нен мамырдың 30-на дейін	
	Орташа кеш сортты арпа	мамырдың 25-нен мамырдың 30-на дейін	
	Орташа кеш сортты сұлы	мамырдың 25-нен мамырдың 30-на дейін	
	Қызылша	мамырдың 25-нен маусымның 5-не дейін	

Кырыққабат- тың көшеті	мамырдың 25-нен маусымның 10-на дейін	
Орташа пісетін сортты сұлы	мамырдың 27-нен мамырдың 30-на дейін	
Қызанақтың көшеті	мамырдың 28-нен маусымның 10-на дейін	
Орташа пісетін сортты арпа	мамырдың 30-нан маусымның 5-не дейін	
бір жылдық шөптер пішенге	маусымның 5-нен маусымның 10-на дейін	
Жасыл конвейер - 3 мерзім	маусымның 8-нен маусымның 10-на дейін	
Жасыл конвейер - 4 мерзім	шілденің 8-нен шілденің 10-на дейін	
Күздік қара бидайы	тамыздың 25-нен қыркүйектің 5-не дейін	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК